

МУЗЫКА

Бастауыш білім беру деңгейінің
4-сынып оқушыларына арналған оқулық

Шартты белгілер



– музыкалық
сауаттылық



– ойлан



– есінде сақта



– шығармашылық
жұмыс



– кел, шырқайық!



– топтық жұмыс



– аудио, бейнематериалдар (мұғалім
сыныпта, оқушы үйде пайдаланады)

Үйретілетін әндердің толық мәтіні –



– орындалатын әндердің сүйемелдеуі (минусовка)

Оқулықта QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық

1. Смартфон немесе планшетіңіздің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.
2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
3. Қажетті ресурсқа өту үшін «ОК»-ді басыңыз.

Егер сіздің құрылғыңыз QR-кодты анықтай алмаса, онда QR-кодты оқуға арналған кез келген тегін қосымшаны жүктеп алыңыз. Мысалы, QR Code Reader-ді Google Play Market және AppStore қосымшалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына оқулық және әдістемелік нұсқаулық кіреді. «Әдебиеттік оқу» электрондық оқулығымен баспаның web-платформасында таныса аласыз.



Құрметті оқушы!

4-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығын қолыңа алдың. Бұл оқулық музыкалық біліміңді толықтырады, керемет әуендермен таныстырып, музыканы жүрекпен сезінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының әсем ән-күйлерінің тарихы мен терең мағынасына сусындап, туған жерге, халқыңның дәстүріне деген құрметің артады.

Түрлі музыкалық аспаптардың әуендерін тыңдап, ұлттық және әлемдік музыканың сырымен танысасың.

Оқулықтағы тапсырмалар мен жаттығулар музыкалық шығармалардың мазмұнын талдап, жаңа қырын сезінуге көмектеседі.

Оқулықтағы әрбір тапсырма музыкалық шығармалармен жұмыс істеудің ең тиімді жолдарын көрсетуге арналған. Музыка арқылы өзінді де, әлемді де жаңа қырынан танып, шығармашылық қабілетіңді дамытасың.

Музыка оқулығында шығармашылықты түсіну, сезіну және оған деген сүйіспеншілікті арттырудың ең қызықты тәсілдері берілген. Сонымен қатар электрондық оқулықтағы интербелсенді тапсырмаларды орындау арқылы күнделікті біліміңді бекітіп, алған білімнің нәтижесін сол сәтте бағалай аласың.

Құрметпен, авторлар



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

Музыкасын жазған: *Шәмші Қалдаяқов*
Сөзін жазғандар: *Жүмекен Нәжімеденов,*
Нұрсұлтан Назарбаев

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны
Еліме қарашы!

Ежелден ер деген
Даңқымыз шықты ғой!
Намысын бермеген
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан
Кең-байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан
Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы.

Әнді орындаудың ережелері:

1. Ән айтқанда түзу тұр.
2. Партада отырғанда дененді тік ұста.
3. Екі қолыңды тізеңе қой.
4. Иығыңды көтермей, ішіңнен демал.
5. Әнді мұғалімнің қол қимылына қарап баста және аяқта.
6. Әнді мәнерлеп айтуға тырыс.
7. Хормен ән салғанда достарыңның дауысына құлақ тұр. Дауысың қатты естілмеуі керек.
8. Өзіңді тыңда және дауысыңның әдемі естіліп тұрғанына мән бер.
9. Әннің сөздерінің мағынасын түсін, оны мәнді де әсерлі етіп орында.



I. МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

Қымбатты жас өнерпаз!

✓ Қазақстан туралы әндермен танысамыз.

✓ Отанды, туған жерді суреттейтін әуендерді тыңдаймыз.

Бұл бөлімде:

- ✓ Қазақ халқының патриоттық әндерінің мәнін түсінеміз.
- ✓ Отанымызды музыка арқылы танимыз.
- ✓ Музыка арқылы туған елге деген сүйіспеншілігімізді білдіреміз.
- ✓ Оркестр түрлерімен, ұлттық және классикалық аспаптармен, аспаптардың топтасуымен (ішекті, үрмелі және соқпалы музыкалық аспаптармен) танысамыз.

Музыка – ел мен жерге деген махаббатты жеткізетін күшті құрал. Ән айтқанда жүрек сөйлейді.

Ендеше, ән арқылы өз еліңді танып, мақтанышпен жырлай біл!



Сәлем, досым!

Музыка әлеміне қош келдің! Бүгін туған елге арналған әннің көркемдік образын анықтап, музыкалық аспаптармен сүйемелдеп орындауды үйренесің.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындайық.

1. Гимнді орындау барысында қандай сезімде болдың?
2. Гимннің ырғағы қандай (жай, салтанатты).
3. ҚР-ның гимні басқа әндерден несімен ерекшеленді?



Гимн – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Гректің «**gimneo**» деген сөзінен шыққан, «**салтанатты ән**» деген мағынаны білдіреді.

Сен білесің бе?

Құрманғазы Сағырбайұлы – қазақтың күй өнерін әлемге танытқан дарынды күйші. Оның «Сарыарқа» күйін тыңдағанда туған елдің кең-байтақ даласы елестеп, адамға жігер беріп, мақтаныш сезіміне бөлейді.



Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңда. Төмендегі суретпен салыстыра отырып талда.

- Күйді тыңдағанда даланың қандай көрінісі елестеді?
- Күй әуенімен табиғаттағы қандай құбылыстарды байланыстыруға болады?
- «Сарыарқа» күйінің мазмұнын қалай суреттеуге болады?
- Неге олай ойлайсың? Бір-екі сөйлеммен жауап бер.



3. Дауыс қыздыру жаттығуын жасаңдар.



4. Кел, шырқайық!

Қазақстан гүлдері



Сөзін жазған: С.Тұрғынбек

Әнін жазған: Ш. Қорғанбек

Бәйтеректей биік тұрмыз,
Бойымызда ой арман.
Астанада өскен гүлміз
Күндей күліп оянған.

Қайырмасы:

Туған жердің гүлін теріп,
Қия-шыңға шығармыз.
Қазақстан туын берік
Көтеретін ұланбыз.
Туған жерім, асқар белім
Үлгі болып әр елге.
Болашақта қазақ елін,
Танытамыз әлемге.

Жарқыраған көкте жұлдыз
Жарқын өмір ажары.
Алтын ұя мектебіміз
Елбасының назары.



5. Оркестрде ойнайық. Құрманғазының «Сарыарқа» күйін ұрмалы аспаптармен сүйемелдеңдер.

1-топ. Жеңіл дыбыстар (қоңырау, саусақпен түртулер).

2-топ. Ырғақты соғулар (асатаяқ, шапалақ).

3-топ. Қатты және жиі соғылатын шулы аспаптар (дабыл, үстел соғу).

Мұғалім күйді қайта қосқанда, әр топ белгіленген бөлімінде ғана ойнап, күйдің көңіл күйін жеткізеді.

6. «Микрофон менде!» ойыны.

Туған елге арналған ән мен күйден қандай әсер алдың? Туған елге арнап бір шумақ өлең құрастыр.

«Елім менің – әнім менің» қысқа қайырымын нотаға қарап орындаңдар.



Мен өз е -лім -ді сүй -е -мін,



е -лім -мен мақ -та -на -мын!



Сәлем, досым!

Бүгін біз оркестрдің түрлерімен танысамыз және музыкалық шығармаларды тыңдап, түрлі аспаптардың дыбыстарын ажыратамыз.



1. Суретке назар аудар. Табиғат көріністері туралы әңгімеле.




- Табиғат көрінісінен қандай дыбыстарды естуге болады?
- Табиғат пен музыкалық аспаптарды не байланыстырады?
- Қандай аспаптар табиғаттағы дыбыстарды бейнелей алады?



2. Боранқұл Қошмағамбетовтың «Кең жайлау» күйін ұлттық аспаптар оркестрінің орындауында тыңда.

3. Тыңдалған әуен мен 1-суретті Венн диаграммасы арқылы салыстыр.

- а) Күйде қандай музыкалық аспаптардың дыбысын естідіңдер?
 ә) Күйді кімдер орындады?



Оркестр – түрлі музыкалық аспаптарды бірігіп орындайтын музыканттардан құралған ұжым. Оркестр *ұлттық аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, үрмелі аспаптар оркестрі* болып бірнеше түрге бөлінеді.

Оркестр	Музыкалық аспаптар
Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі	домбыра, қобыз, дауылпаз т.б. ұлттық аспаптар
Симфониялық оркестр	скрипка, виолончель, арфа (ішекті ыспалы аспаптар)
Үрмелі аспаптар оркестрі	труба, кларнет, саксофон (үрмелі аспаптар)



дойра
(өзбек халқының)
аспабы



чонгури
(грузин халқының)
аспабы



балалайка
(орыс халқының)
аспабы



чопо чоор
(қырғыз халқының)
аспабы



3. Топта берілген шығарманы тыңдап, оркестрдегі аспаптардың дыбыстарын анықтаңдар. Музыкалық аспаптардың түрлерін ажыратып, постер түрінде қорғаңдар.

1-топ. Ұлттық оркестр

2-топ. Симфониялық оркестр

3-топ. Үрмелі оркестр



4. Дауыс қыздыру жаттығуы.



5. Кел, шырқайық! «Қазақстан гүлдері» әнін қайталап орындайық.

Сен білесің бе?

1933 жылы Алматыдағы Музыкалық драма техникумы жанынан А.Қ. Жұбанов домбыра ансамблін ұйымдастырды. Оның құрамында 11 адам болды. Музыкалық аспаптардан тек алыт-домбыралар пайдаланылып, халық күйлері мен әндері орындалды. 1944 жылы оркестрге Құрманғазы есімі берілді.



6. «Оркестр дауысы».

– Сенің жүрегіңде қандай оркестр ойнады? Өз ойыңды жаз.

Ұлттық аспаптар оркестрі – өз елімді мақтан тұтамын.

Симфониялық оркестр – мен бүгін сабақта үндестік таптым.

Үрмелі оркестр – мен өз ойымды ашық жеткіздім.



7. Қорытынды жасаңдар.

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Әр аспап секілді, әр бала да ерекше. Барлығымыз бірігіп, Отанды жақсы көруді және қадірлеуді үйренеміз.



Сәлем, досым! Өткен сабақта біз Отан туралы ән тыңдап, табиғатымыздың ерекшелігін сурет арқылы таныдық. Ал бүгін музыкалық шығармалардың орындалуын салыстырып, музыкалық ұғымдарды дұрыс қолдануға дағдыланасың.



1. Музыканы тыңдап, кестеде берілген сұрақтарға жауап бер.



Шығарма атауы	Не туралы?	Қандай оркестр?	Ортақ тақырып
«Астана кеші» поэмасы. Т. Қышқашбаев			
«Астанаға тарту». «Хассак» этно-фольклорлық ансамблі			

1998 жылы Ақмола қаласы Қазақстанның астанасы болып жарияланды. Сол уақытта қала атауы Астана деп өзгертілді. Ал 1999 жылы Астана ЮНЕСКО ұйымының шешімімен «әлем қаласы» атағын алды.



Тілеуғали Әшірбекұлы Қышқашбаев – композитор, профессор, қоғам қайраткері. Ол 1957 жылы 23 тамызда Балқаш қаласында дүниеге келген. «Шаттық елі» симфониясының, оркестрге арналған 4 симфониялық поэманың, 60-тан астам әннің авторы.



2. Нұсқаулық бойынша жаттығуды орындаңдар.

1-дауыс:



2-дауыс:



Жаттығуды орындау нұсқаулығы:

- 1-топ 1-дауысты берілген ноталарды жеке орындайды.
- 2-топ 2-дауыста берілген ноталарды жеке орындайды.
- Екі топ қосылып орындайды.
- Музыкалық аспаппен сүйемелдей отырып, ырғағын сақтап орындайды. (синтезатор, ұрмалы аспаптар).

3. Дауыс қыздыру жаттығуын жасаңдар.



4. Кел, шырқайық!

Гүл Астана

Сөзін жазған: *Серік Тұрғынбекұлы* Әнін жазған: *Қанат Едресов*

- | | |
|--|---|
| 1. Көз салып келбетіңе,
Қызығам мен көркіңе.
Әсем де, сұлу қала,
Табар ма ем жер бетінде. | 2. Күәсі ғасырлардың,
Арманы асылдардың.
Мұратқа жетелей бер,
Жолымен ғасырлардың. |
|--|---|

Қайырмасы:

Көгімдегі күндей болып,
Жұлдыз толы түндей болып.
Мың құлпырған гүлдей болып,
Атқан тандай, жаққан шамдай,
Жайна, жайна сен, Астана.



5. «Музыкалық шапалақ» ойыны.

Мұғалімнің айтқанымен келіссең «екі рет», келіспесең «бір рет» шапалақтау арқылы бүгінгі сабақтан алған біліміңді көрсет.

Мысалы:

- «Бүгін мен Астана туралы ән айттым».
- «Астана – біздің бас қаламыз».
- «Сабақта шулы аспапта ойнадым».
- «Астанаға барғым келмейді».





Сәлем, досым!

Өткен сабақта біз Астанамыз туралы айттық. Ал енді музыкалық шығармаларды салыстырып, екідауысты шағын музыкалық үзінді орындаймыз.



1. Музыка тыңдау.



а) Ш. Қорғанбек. «Қасиетті ел».

ә) Шетел композиторының туған жерге байланысты аспаптық шығармасы (симфониялық оркестр).

- Шығармалар не туралы?
- Тыңдалған музыкалар ненің орындауында болды?
- Екі шығармадан қандай аспаптардың дыбысын естідің?
- Тыңдалған екі музыкада дыбыстары ұқсас аспаптар болды ма?
- Музыкалық шығармалар туған жердің қандай көріністерін еске салады?

Аспаптық музыка – арнайы музыкалық аспаптарда орындау үшін жазылған шығарма. Аспаптық музыка жеке аспаптық, ансамбльдік және оркестрлік болып бөлінеді.

Оркестрде аспап түрлері ішекті, үрмелі, үрмалы деген топтарға бөлінеді.

Ішекті аспаптар: домбыра, қобыз, скрипка т.б.

Үрмелі аспаптар: сыбызғы, сазсырнай, флейта, гобой т.б.

Үрмалы аспаптар: дабыл, даңғыра, үлкен және кіші барабандар т.б.

2. Оркестрде ойнайық.

1-топ	2-топ	3-топ
Ішекті аспаптар	Үрмелі аспаптар	Үрмалы аспаптар



Әр топ өз аспаптарына сәйкес келетін табиғат құбылысын немесе бір табиғи көріністі ойлап табады. Музыка барысында мұғалімнің қолындағы карточкаға байланысты өз кезектерінде аспаптарда ойнайды.

3. Дауыс қыздыру жаттығуын жасаймыз.



«Гүл Астана» әнін еске түсіріп, қайталап айтайық.

- Әнді тыңдап, еске түсіру.
- Әнді мәнерлеп орындауды үйрену.
- Әнді хормен орындау.
- Әннің қайырмасын екі дауыста орындау.



4. «Гүл Астана» әнін нотаға қарап, екі дауыста орындаңдар.



5. «Мен туған өлкемді қалай жырлар едім?». Топ мүшелерімен өз туған өлкеңді ән жолдарымен (2–3 жол ойлап табу), сурет немесе кішкентай әуен/ырғақ ойлап ұсыну арқылы сипатта.



6. Кесте бойынша жауап бер.

Ұғым	Нені білдіреді?	Мысалы
Туған жер, туған өлке	Адамның туған мекені	Менің туған жерім – Жетісу.
Атамекен	Ата-бабадан қалған жер	Атамекенді қорғау – парызымыз.
Отан	Қазақстанның бүкіл жері	Отан оттан да ыстық.

7. «Туған өлкем» ойыны. Төменде берілген сұрақтардың жауабын стикерге жазып, тақтадағы «Туған өлкем» постеріне іл.

а) Қай әуен немесе қандай аспап туған жеріңді еске түсірді?

ә) Сабақтағы қандай сәт саған ұнады?

б) Егер туған өлкеңе арнап ән жазсаң, ол қандай болар еді?

Оқушы жүрекшеге жауапты жазады да, тақтадағы «Туған өлкем» постеріне жапсырады.

МАЗМҰНЫ

I. МЕНІҢ ОТАНЫМ ҚАЗАҚСТАН.....	6
Менің елім – менің әнім	7
Қазақстан – кең байтақ дала.....	9
Астанам – мақтанышым	12
Менің туған өлкем	14
II. ҚҰНДЫЛЫҚТАР	16
Отбасы – мейірім мен сыйластық бастауы	17
Сыйластық – сиқырлы әуен.....	20
Ән – достық көпірі	23
Құндылықтар – рухани байлығымыз.....	26
III. МӘДЕНИ МҰРА	28
Домбыра – рухани қазына	29
Жыр, терме – ел шежіресі	32
Ән өнерінің дара тұлғалары	34
Мәдени мұра және классикалық музыка үндестігі.....	37
IV. МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ	
Мамандық – болашақ таңдауы.....	40
Музыка және ұстаз.....	42
Әнші болғым келеді.....	44
Арманнан мамандыққа дейін.....	47
V. ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ	
Самал мен дауыл дыбысы	51
Ырғақты жаңбыр.....	54
Кемпірқосақтағы жеті нота	57

Таңғы әуен.....	60
Мәңгі әуен	62

VI. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Жер-Ана жыры	65
Құстар симфониясы	67
Орман оркестрі	70
Тазалық маршы.....	72
Музыкалық эко-саяхат	74

VII. ҒАРЫШҚА САЯХАТ

Айдың әуені.....	78
Музыка және ғарыш.....	81
Жұлдыздар биі	84
Ғарыш кемесінің ырғағы	87

VIII. БОЛАШАҚҚА САЯХАТ

Әнші робот.....	91
Қазақ әуендері болашақта.....	94
Уақыт мәшinesімен музыкалық саяхат	98
Бейбіт болашақтың әні	101
Глоссарий	103
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	109